

# ЭКОЛОГИЯ, ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ



## ЖШС «QazExpoCentre-Pipe»

«QazExpoCentre-Pipe» ЖШС – мұнай-газ өнеркәсібіне арналған шегендеуші және сорғы-компрессорлық құбырларда сапалы, жоғары герметикалық бұрандалы қосылыстар шығаратын, Қазақстанның және шет елдердің мұнай-газ компанияларын өніммен қамтамасыз ететін қазақстандық компания.

Осы саясат ISO 14001:2015, ISO 45001:2018 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес экологиялық менеджмент және денсаулықты қорғау мен еңбек қауіпсіздігін басқару жүйелерінің жұмыс істеуін және нәтижелілігін арттыруды қамтамасыз етеді.

### ISO 14001 стандартының талаптары бойынша саясаттың міндеттемелері:

- Компания басшылығының қоршаған ортаны қорғауға және экологиялық заңнаманы сақтауға бейілділігі.
- ISO 14001 талаптарына сәйкес экологиялық тиімділікті үздіксіз арттыру.
- Қызметкерлерді экологиялық саясатты іске асыруға тарту және олардың хабардарлығын арттыру.
- Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және ресурстарды үнемдейтін технологияларды енгізу.
- Жағымсыз әсерді барынша азайту және қоршаған ортаны қорғау үшін қоршаған ортаның ластануын, жарақаттануды және денсаулық жағдайының нашарлауын болдырмау, өндірістік шығарындылар мен қалдықтардың мөлшерін азайту;
- Экология саласындағы көрсеткіштерге мониторинг жүргізу, компания қызметі түрлерінің қоршаған ортаға әсерін мерзімді бағалау.

### ISO 45001 стандартының талаптары бойынша саясаттың міндеттемелері:

- Компания басшылығының қызметкерлердің қауіпсіздігі мен денсаулығын қамтамасыз етуге бейілділігі;
- ISO 45001 талаптарына сәйкес еңбек жағдайларын үздіксіз жақсарту;
- Қызметкерлер, мердігерлер мен келушілер үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын және жабдықтарды қауіпсіз пайдалану тәжірибесін қамтамасыз ету;
- Қауіп-қатерлерді жою және қызметкерлердің денсаулығына төнетін тәуекелдерді барынша азайту;
- Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі заңнамалық және нормативтік талаптарын сақтау;
- Жұмыстарды қауіпсіз орындау бойынша дағдылар мен білімді үздіксіз жетілдіру, соның ішінде авариялық және төтенше жағдайларға дайын болу үшін қызметкерлерді оқыту және біліктілігін арттыру.
- Қауіпсіздік және еңбекті қорғауға қатысты мәселелерде қызметкерлермен кеңесуді және олардың немесе олардың өкілдерінің қатысуын қамтамасыз ету.
- ЕҚ, ТҚ және ҚОҚ (еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау) саласындағы қызметкерлердің жетістіктері мен іс-әрекеттерін ынталандыру.
- Осы Саясатты жұртшылық пен мүдделі тараптар үшін еркін қолжетімділікте ұсыну.
- Барлық қызметкерлерді және басқа да мүдделі тараптарды осы Саясаттың талаптарымен құжатталған түрде таныстыруды жүргізу.

«QazExpoCentre-Pipe» ЖШС-нің жоғары басшылығы осы Саясатты іске асыруға, сондай-ақ еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау саласындағы мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге, сонымен қатар осы Саясаттың жарамдылығына тұрақты талдау жасауға және қажет болған жағдайда оны қайта қарауға жауапкершілігі өз мойнына алады.

«QazExpoCentre-Pipe» ЖШС бас директоры

Л.К. Есекеева

2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 148 Бұйрық

